

И. Жеменей 

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, Қазақстан, Алматы қ.,
e-mail: jemeneyislam@yahoo.com

ӘБУ НАСЫР ӘЛ-ФАРАБИДІҢ ӨМІРІ МЕН ФИЛОСОФИЯСЫ: ТАНЫМ МЕН ПАЙЫМ

Әл-Фараби алғашқы білімін туған ауылы Висичте алып, одан әрі Отырар (Фараб) қаласына келіп жалғастырады. Қырық жасқа толғанда білім іздеп Мәрв қаласынан, Иран елі арқылы Бағдат қаласына қоныстанып, сонда жан-жақты салалар бойынша үлкен ұстаздардан білімін жетілдіріп, энциклопедист ғалым бола тұра өзінің философиялық алғашқы мұсылман ғалымы ретінде негізін қалыптастырады. Осы мақалада автор оның өмір жолын жазба деректер мен әл-Фарабитанушы ғалымдардың ғылыми тұжырымдарына сүйене отырып, білім алған жылдарымен сабақтастырып, жүйелі таным арқылы ғалымның философиясы көбіне логика ғылымына сүйенгенін анықтап беруге тырысты. Сондай оның бастапқы қайнары ислам қағидасы мен Аристотель логикасына сүйенген тұстарын анықтап беруге күш салдық. Осы орайда оның «Арман қала» немесе «Қайырымды қала» трактатының «Негізгі ой түйіндері» атты трактатынан бастау алатынын қолдаушы әл-Фарабитанушы ғалымдардың пікіріне қосылып, аталған трактатты кеңірек таныстырып, сараладық. Сондай-ақ «Негізгі ой түйіндері» (اصول منتزعه) атты трактатын араб тіліндегі түпнұсқасына сүйене отырып парсы, қазақ тіліндегі аудармасы арқылы жаңа аударма нұсқасын дайындадық. Өйткені шығыстану саласында түпнұсқаға сүйене отырып қазақшалау, бұл саланы өзге тілдердің ықпалынан құтқара отырып, тәуелсіз түрде тарих пен мәдениетімізге тиісті әдебиеттерді саралауға мүмкіндік туғызады.

Түйін сөздер: Әбу Насыр әл-Фараби, ислам философиясы, дін және философия, Әмин Аһмет Рази, Аристотель, Платон, Абай, теориялық ақыл, практикалық ақыл.

I. Zhemenev

Al-farabi Kazakh National University, Kazakhstan, Almaty,
e-mail: jemeneyislam@yahoo.com

The philosophy and life of Abu Nasr al-Farabi: knowledge and vision

Al-Farabi received his initial education in his native village of Visich and continued it in the city of Otrar (Farab). While at the age of forty, in search of knowledge, he moved from the city of Marv, across the Iranian country to the city of Bagdad, where he learned from great teachers of various fields of knowledge, and, as an encyclopedist he formed the basis of his philosophy of Muslim scholar. In this article, based on written sources and scientific conclusions of scientists in al-Farabi studies, we tried to determine through systematic knowledge that the scientist's philosophy was largely based on the science of logic. At the same time, we tried to find out that his philosophy was based on the principles of Islam and logic of Aristotle. In this regard, we have included the opinion of scientists in al-Farabi studies, who claim that his treatise «City of dreams» or «Good city» takes beginning from the treatise «Main nodes of thought». We have also developed a new translation version into Persian and Kazakh languages, comparing it with the authenticity of the Arabic version of the treatise «Main nodes of thought» (اصول منتزعه). Since it is very important for Oriental studies to delivery an authentic source in the Kazakh language and thereby creating conditions for independent analysis of our history and culture, avoiding this sphere from the influence of other languages.

Key words: Abu Nasir al-Farabi, Islamic philosophy, religion and philosophy, Amin Ahmet Razi, Aristotle, Plato, Abay, theoretical mind, practical mind.

И. Жеменей

Казахский национальный университет им. аль-Фараби, Казахстан, г. Алматы,
e-mail: jemeneyislam@yahoo.com

Философия и жизнь Абу Насра аль-Фараби: познание и видение

Аль-Фараби получает начальное образование в родном селе Висиче и продолжает его в городе Отрап (Фараб). В возрасте сорока лет в поисках знаний он переехал из города Марв в

Иране в Багдад, где учился у великих учителей по разным направлениям, и, уже будучи ученым-энциклопедистом, сформировал основы своего философского мировоззрения как ученого-мусульманина. В этой статье, опираясь на письменные источники и научные выводы ученых, исследовавших аль-Фараби, и сравнив его года обучения, через систематическое познание, авторы попытались определить то, что философия ученого во многом опиралась на науку логики. В то же время мы попытались выяснить, что у него есть идеи, основанные на принципах Ислама и логике Аристотеля. В связи с этим, будучи согласны с мнением ученых, исследующих аль-Фараби, о том, что его трактат «Город мечты» или «Добрый город» берет свое начало от трактата «Основные узлы мысли», авторы рассмотрели более подробно и проанализировали последний трактат. Также авторы разработали новый вариант перевода на персидский и казахский языки, опираясь на подлинность арабского трактата «Основные узлы мысли» ((اصول منتزعه)), так как для востоковедения очень важна передача подлинного источника на казахском языке, и тем самым создали условия для самостоятельного анализа нашей истории и культуры, избавляя данную отрасль от влияния других языков.

Ключевые слова: Абу Наср аль-Фараби, исламская философия, религия и философия, Амин Аһмет Рази, Аристотель, Платон, Абай, теоретический ум, практический ум.

Кіріспе

Қазақта «Жақсыға талас көп» демекші Әбу Насыр әл-Фарабидің туған жері қазақ даласындағы әйгілі Отырар, кейін Фараб атанған қала болса, оның оқып, жетілген жері Бағдат болды. Оның білім мен ғылымдағы барлық ізденістері мен табыстарының жемісі Шамға бұйырды. Шам бүгінгі Сирия елі, астанасы Дамаск. Соның бәріне қарамастан Иран елі де әл-Фараби біздің тегімізден деп мүдделілік танытқаны, өйткені әл-Фараби ирандық, жұбайы түркі болған деп жазғандар бар. Мәселен Әлфахури «Ислам философиясы тарихы» атты еңбегінде де сондай мағлұмат бар, ал Қазақстан мен Сирия үкіметтері арасында әл-Фарабидің кесенесі Қазақстан жақтан жаңарып, күрделі жөндеуден өткізілуіне келісім шарт жасалған. Оның жатқан мазарлығында мұсылмандардың екінші халифасы әзірет Омар (с.ғ) мазары да бар. Бірақ әл-Фараби қабірі мазарлықтың шетінде, елеусіз бір орында екен делінеді. Сол үшін оның жөндеу жұмысы Қазақстан тарапынан жүргізіліп, елдің көңілін оған аударып алатын жағдайға жеткізу көзделіп отыр. Шындығына келгенде, әл-Фараби Ислам әлемінің ортақ ғылыми-рухани құндылығы. Десе де, Сирияда оған көңіл бөліп, зиярат етушілер саусақпен санарлық дейді көріп, білгендер. Ал түркі дүниесінің әл-Фарабиді иеленіп мақтан ететін себептері бар. Атап айтсақ: түркі даласының перзенті болуы, әкесінің аты Тархан, атасының аты Озлық не Өзлік қазақша айтқанда Үздік, яки Озық деп айтылады. Демек әкесі мұсылман болған соң Мұхаммед есімін қосымша жалғаған. Сондықтан әкесі мен атасының аты-жөні таза түркі болғаны үшін түркілер де соған сүйеніп оны түркі текті деп біледі.

Тақырыпты таңдауды дәйектеу және мақсаты мен міндеттері

Әл-Фараби исламның діни үкімдерін қабылдай отырып, тәңірі мен діни қағидаттарды ақылдың қуаты арқылы біліп, тануға болатынын айтып, дін мен философия арасында көпір тұрғызып, ақылдың теориялық қуатын практикалық ақылға ұластыру керектігін қажет санайтынын анықтау болып табылады. Адам болмысындағы түрлі қуаттарды ақылға бағындырып, ең басты себеп, яғни тәңіріні тану арқылы, оның барлық жануарлардан адамға тән сана беріп артық жаратқан үшін адамның бақытқа жету жолына жұмсалып керектігін көрсете білу көзделеді. Адам болмысын зерделеп, жол көрсетеді. Әл-Фараби ойлаудағы мақсат адамзаттың бақытты болуына, ойдың жүйеге түсуіне қатты мән береді. Сол үшін оның мектебі «логикалық философиясы» қоғамның күнделікті қатынасында әр азамат оның логикалық ғылымын жүзеге асыру қабілетіне ие бола алатындай ойлану логикасына қанық бола білгенін күтуге болады.

Ғылыми зерттеу әдіснамасы

Әл-Фараби туралы ондаған парсы-түркі жазба деректер, әл-Фараби туралы түрлі зерттеулер, әл-Фарабитанушы ғалымдардың қортынды ғылыми тұжырымдары, сараптаулар, талдау жасаған мақалалар, сұхбаттардың біршама маңыздыларын оқып, қарастырдық, барынша зерделеп, өзіміздің ой түйінімізді ұсындық. Оның ең маңыздысы әл-Фарабидің «Негізгі ой түйіндері» атты трактатын қазақша жаңаша таным-түсінікпен аударып, ізденушілер мен ғалымдарға аударма барысында көптеген жайттарға жаңаша көзқарастар мен түсініктер қалыптастыруымызға септігі тиді.

**Нәтижелері және талқылама
Әл-Фараби Әмин Аһмет Разидің «Жеті
климат» атты еңбегінде**

Әбу Насыр әл-Фараби туралы Бабыр шаһтың немересі Акбар шаһтың (1542-1605) Үндістандағы сарайында қызметте болған Әмин Аһмет Рази атақты шежіреші ғалым 1587-1593 жылдар аралығында жазған «Жеті климат» атты еңбегінде Фараб уалаяты жайында айта келе әл-Фараби туралы біраз мәлімет берген. Онда: «Фараб қаласы Шаш шаһарынан жоғарыда Баласағұнға таяу жерде орналасқан, тұрғындары сүнни шафи болған.

Ол аймақтың даңқты ғалымы Әбу Насыр Мұхаммед ибн Мұхаммед ат-түрки ислам әлемінің ең кемеліне жеткен төрт ғалымның бірі болған. Ислам тарихынан бұрын болған Лұқпан, Аристотель, исламнан кейін Әбу Насыр мен Әбуәли. Ал көпшіліктің мақұлдауымен Аристотель бірінші ұстаз, әл-Фараби екінші ұстаз атауына лайық танылған. Әбуәли Сина әл-Фараби жайлы: «Мен метафизик ғылымы жайында ізденуден мүлдем үмітімді үзген күйде жүргенде Әбу Насырдан бір кітап таптым. Соның арқасында үмітсіздігімді жеңдім. Сол үшін шүкір қылып, шама-шарқымша садақа бердім», – деп айтқан. Әл-Фарабидің түркі делінуі, ол әу-бастан түркі тілін өте жақсы білген, арабша мүлдем білмейтұғын. Кейін өз отаны Бағдатқа барғанда араб тілін керемет үйреніп, кемеліне жеткен. Аристотель кітабын Әбубәшр Жүнісұлының жанында оқыған. Өз қолымен аталған кітапқа: «Осы кітапты екі жүз рет оқығанмын», – деп жазған. Тағы бірде «Аристотельдің «Табиғи әуендер» атты еңбегін қырық рет оқысам да енді екі рет оқуым керек», – деген әл-Фараби.

Одан сұраған: «Сенің ғылымың артықтау ма? Әлде Аристотельдің ба?», – жауабында: «Егер оны түсіне алсам, әрине оған берілген ең жақын шәкірті болар ем», – деген. Сондай-ақ: «Хақимдер этикасы» кітабында жазылған: «Смайыл Аббадұлы ұлықтардың бірі Әбу Насыр әл-Фарабимен кездескісі келіп, оған көптеген сыйлықтар жіберген. Әл-Фараби сыпайылық таныта отырып, оларды қабылдаудан бас тартқан. Біраз уақыт өткеннен кейін бір оқиға болды. Онда шейх Әбу Насыр әскери киіммен бір қалаға келгенде кездейсоқ әлгі такаппар Смайыл Аббадұлының бір жиынына қатысты. Үстіндегі киімі қарапайым, жұпыны болғандықтан оның сарайының ғалымдары мен қызметкерлері оған мұрнын шүйіре қарап, тілдеп, кемсіте сөйлей бастағанда Әбу Насыр олардың балағат сөздеріне шыдады. Біршама сан мың бұралған

сұлу аяқшылар әлгі кісілерге шарап кесесін ұсынған соң хақим Әбу Насыр музыка аспабын қолтығынан шығарып, әуендей бастады. Сол мезетте барлығы ұйқыға кетті. Сосын Әбу Насыр бір даңғырашының алдындағы кесеге былай: «Фараби сіздерге келді, оны келеке етіндер, ол сендерді ұйқтатып өзі кетіп қалды», – деп жазып, оларды ұйқыға батырып, өзі жиыннан шығып, Шамға қарай беттеді. Мәжіліс иесі мен жақтастары мастық пен ұйқыдан ояңған соң әлгі жазуға көңіл бөліп, көргенде қатты үрейленіп кетті. Әсіресе думан иесі Аббадұлы уайымдап, көйлегін жыртып, ана кісіні тауып келіндер деп ізінен қуғыншылар жөнелтті. Қуғыншылар қаншама ізіне түсіп, алға жылжыса да оның қарасы көрінбеді. Содан кейін әлгі Смайыл Аббадұлы қалған өмірін өкінішпен өткізді.

Кейбір тарихи кітаптарда жазғандай Әбу Насыр Шам өлкесіне барғанда бір күні Сейфеддәуле патшаның мәжілісіне әскери киіммен түркілер қатарында барған-тұғын. Мәжілісте ғалым-ғұламалар жиналып, қызу әңгіме, айтыс-тартыс жүріп жатқан болатын. Хақим де аяқ үстінде тұрған күйінде әңгімелерге араласып тұрды. Сейфеддәуле: «отыр», – деді. Сұрады: «Қайда отырайын?», – деп. Патша: «Қай жер отыруыңа лайық болса», – деді. Сол сөзден соң хақим патшалық таққа қарай бет алып, патшаның жанына орналасты. Патша оның батылдығынан мен-мендіктері бұрқ етіп, өз құлдарына өзгешелеу тілмен: «Мына шейхты сыртқа шыққан соң әдепті есіне салып, сазайын бересіз», – деді. Әбу Насыр оған: «Әй әмір сабыр етіп, істің артын бағу керек шығар», – деді. Сейфеддәуле: «Бұл тілді қайдан білесің», – деді. Ол айтты: «Солай», – деп. Мәжіліс қонақтардан босай бастағанда патша хақимді тоқтатып, жиын ашты. Әбу Насыр сондағы ғалымдарға сырт айналды. Сонда әлгі ғалымдар өз қателіктерін түсініп, мойындады. Сосын патша музыканттарды шақырып: «Ән салыңдар», – деді. Әбу Насыр оларға да қарамай қойды. Сейфеддәуле: «Сіз бұл өнерден хабарыңыз бар ма?», – деді. Ол: «Болатын шығар», – деп кенет дорбасынан бірнеше музыка аспаптарын шығарып, оларды бір-біріне құрастырып, онымен ойнай бастады. Сол сәтте отырғандар жылай бастады. Тағы басқа әуенге ойнай бастағанда бәрі ұйқыға кетті. Соған қарап Сейфеддәуле Әбу Насырдан біраз уақытқа Дамаскта қалуын сұрады. Әл-Фараби ұсынысын құп алып, біраз уақыт болды. Уәде еткен мерзім аяқталған соң бір сапарға шығуға ниеттенді. Жол-жөнекей қарақшыларға тап болды. Олардың араларында шайқас болды. Әбу

Насыр жақсы садақшы болған, қорамсағында жебесі біткенше ешбір жау оған жақындай алмады. Жебесі біткесін оны өлтірді», – деп жазыпты. (Әмин Аһмет Рази, Жеті климат, Таһери III-том. 1647:48-49).

Әл-Фараби «Исламның саяси философиясының» бас құрушысы болуындағы тарихи негіздері

Әл-Фараби ислам тарихының алтын ғасыры саналатын 750-1030 жылдар аралығында өмір сүрген жан ретінде ғылым бұлағынан тойына нәр алды. Өйткені аталған ғасырлар ислам тарихының ренессанс, яғни қайта өрлеу кезені болған. Сол заманда дара ғалымдар арасында қалыптасқан үрдіске байланысты әл-Фараби де жан-жақты білім алған ғалым болды. Сол себептен: хикмет, жаратылыс, музыка, метафизика, этика, логика, саясат тағы басқа салалар бойынша терең білімге ие болды. Әрине оның білім алған ең бай ошағы Бағдат қаласы болса, шығармашылық өрісі Бағдаттан басқа Дамаскта болған. Әл-Фараби Шам әмірі Жүсіп Һамданидың қолдауына ие бола тұра, мемлекеттік қызметке қызықпай, қарапайым өмір сүріп, ұстаздық және ғылым жолын таңдап, сол қалпынан өмірінің соңына дейін айнымай барлық саналы ғұмырын ғылымға арнап келген. Ғалымдардың зерттеу қорытындыларына қарағанда ол қырық жыл өз атамекені бүгінгі Қазақ елінде болып, бастапқы білімін осында алған. Ал ғұмырының екінші жартысында Бағдат пен Шам елінің ғылыми орталықтар мен оқу орындарында үйрену мен үйретуде болып өмір кешкен. Әл-Фарабидің басты артықшылығы үйренуді өмірінің соңына дейін жалғастырып, одан жалықпағаны үшін ұдай бұлақтың мөлдір суындай білімін толықтырып, өз бойындағы ғылыми қуатын арттырып отырған. Сол себептен де аңыз адамға айналып, оны жетпіс елдің тілін біледі екен деп халық бір ауыздан екінші бір ауызға айтқызып қойғандай болған. Өйткені ол көп елдер туралы, көптеген мәдениеттер туралы білгені үшін шәкірттері оның ауқымды біліміне тәнті болып, ол пәленбай елдердің тілін біледі деп құрмет көрсетіп, баға берген. Себебі, оның аз тілмен мұнша білімді болуы мүмкін еместей көріп, аз тіл білуді оған лайық деп есептемеген. Бірақ араб, парсы, түркі, күрд тілдерін жақсы білетіні зерттеушілер тарапынан айтылады.

Әбу Насыр әл-Фараби шығыс пен батыс мәдениетінің ежелгі және ортағасырлық екі дәуірінің рухани қозғаушы қуаты болған. Сондықтан мұсылмандарға қараңғылықтан имандылыққа адами сана арқылы жету-

ге болатынын көрсетіп, жетелей білген ұлы ойшыл. Әл-Фараби ислам дініне иланды. Исламның қағидасынан өзінің іліміне ірге қалады. Сондықтан ортағасырлық дәуір аясында исламның екі құндылығын «ақыл» мен «жүрек» кодын алып, білім мен ғылымға сара жол ашты. Сондай-ақ, әл-Фараби көне Гректің ұлы философтарының мектебінен сусындап, исламдық дүниетанымды жүйелеп, ислам философиясының негізін қалады. Ал Гректің адамзаттың рухани қазынасын еңбектеріне өзек қылған Аристотель (б.з.б.384-322) ежелгі гректің ұлы ойшылы Платонның (428-347) шәкірті, ал Платон болса Сократтың (470-399) шәкірті болғанына қарағанда әл-Фараби олардың әр бірінің ой бұлағынан сусындаған ғалым ретінде олардың көміліп қалған қазынасын жарыққа шығарған бірегей ғалым болғанын да әлем ғалымдары мойындаған. Әл-Фарабидің негізгі білім қайнары Аристотельдің логикасы болған. Өйткені барлық ғылым саласының жетіліп, өріс алуына ғылыми ойына бір жүйе, салмақтайтын таразы керектігін сезген ол бұл мақсатына жететін сара жол Аристотельдің логика ғылымында бар екенін түсінді. Себебі, Аристотель логика ғылымын жазған және логикалық ойға тиісті көптеген заңдылықтар мен ережелерін тапқан да өзі болды. Логика: «ойлау, оның формалары мен заңдылықтары туралы ғылым. Логика дәлелдеу мен теріске шығарудың белгілі бір әдіс-тәсілдері қаралатын ғылыми теориялар жиынтығын құрайды». Әрине адам жаратылыстан бастап «ой» иесі болғандықтан ойлану оның табиғатының ажырамас ерекшелігі мен артықшылығы болып саналады. Сонымен бірге ойлана алғаны үшін ұдайы ойын өзгеге жеткізе алуға тырысып келді. Өйткені адам қоғамдық айуан дегендей жеке-дара көпшіліктен оқшаулана өмір сүре алмайды. Сол үшін өзгенің алдында дұрыс ойлау мен ойын дұрыс жеткізе білуге ұмтылуға тура келгендігі біртіндеп логиканың ойының өрісінде пайда болу процесін бастан өткізіп жатты. Тіпті ойының көрінісін іс-қимылымен де үйлестіруге тырысып, логиканың арқасында өз мінез-құлқы мен жүріс-тұрысына бағыт беріп отырды. Адам жақсы ойлап, ойын жақсы жеткізе білген сайын оның қылық психологиясына өзгеріс жасап отырды. Сонда адамның ұстамды болу формасы да өзгешелеу қалыптасады. Осыған қарағанда логика ой қуатының бір бөлшегі болып ежелгі Қытай, Мысыр, Үндістан, Иран, Грек елдерінің ойшылдарының шығармаларында әңгіме болған. Демек логика оймен бірге жетілу процесін өткізіп

келе жатқанда философияның бір бөлігі болып өмір кешті. Сол процесте ойлау қабілеті жоғары болғандар өзгелерді өздерінің ұшқыр ойларымен алдап-арбап жүрді. Осындай сұрқиялықты сезген Аристотель ондай алаяқтардың алдауына жол бермеу үшін ойдың дұрысы мен бұрысына таразы іспеттес «логика ғылымының» негізін қалап, философиядан дербес, ойдың сапасын өлшеуге бағытталған жаңа ғылымды дүниеге алып келді (Formal logic). Әйтпесе логика адамның әу-бастағы жаратылысынан оның ойымен бірге егіз сипатта келе жатқан қуат болған. Осыған орай логика ғылымның барлық саласына ойдың жүйелену формасына айналды. Мәселен математиканың да өзіндік логикасы бар болғандай логика өмір мен ғылымның барлық сала мен бағытына қажет ғылымға айналды. Кімде кім дұрыс ойлана алатын логика қуатына ие бола алмаса мешел жан ретінде әуелі өзіне, ал қоғамның басқару тобында болса қоғамға орны толмас зиян келтіреді. Сондықтан Аристотель адамзат тарихына «бірінші ұстаз» атауына лайық болып, мойындалды. Әйтпесе қарапайым халық арамза ойшылдардың жемтігі болып, ешқашан құлдық бұғауынан босанып, еркіндік таңының әсем сәтін көре алмас еді.

Ал әл-Фараби болса Аристотельдің шығармаларын ондаған рет оқып, оның ой жүйесінің бағытын өз бойына әбден сіңірген соң оны өзгелерге де түсінікті етіп жазды. Соның арқасында ежелгі гректің логикалық ойлау жүйесін исламдық қағидаларымен ұштастыра білді. Әл-Фараби логика жайында қырық сегіз трактат жазған. Оның тең жартысы бүгінгі күнге жеткен. Бірақ өзінің асқан құндылығынан айырыла қойған жоқ. Сол үшін әл-Фарабидің логика жайындағы жазбалары Батыс елдеріне Аристотель шығармалары арқылы өзге философиялық туындыларына, екінші жағынан дін мен философияның тілдесіп кетуіне сара даңғыл ашқаны үшін «екінші ұстаз» атауына лайық танылды. Сондықтан «Ислам логикасының ата-сы», – деп аталды.

Логикалық философияның әл-Фарабиден Абайға дейінгі тарихи сабақтастығы

Ғылымның барлық саласында өзіндік логикасы дамымай қалса, сол ғылымның дамуы екі талай болады. Сондай-ақ ең күрделі саланың бірі «саясат» болғандықтан әлемдегі саяси ойындардың құрбаны болып кетпеу үшін адамзат пен ұлттық құндылық және мүдделілік мақсаты белгілі бір логикалық мәйекке бағыну керек. Әйтпесе әлемдегі саяси бәсекеде жеңіс емес жеңіліске ұшырап, өзгенің құлына айналу мүмкіндігін

жоғарылатады. Аристотельдің әу-бастан мақсаты адамды алдампаз үстем ойшылдардың құрығына түспеу үшін адамның ой таразысы, яғни логика ғылымының құрылысын қалады. Дәл солай әл-Фараби де адам бақыты үшін ой механизмі қайырымды қалаға жұмсалып керектігін еңбектерінің ядросына айналдырды. Бірақ оның бастауына міндетті түрде жаратылыстың бас архитекторы тәңірі тұру қажет екенін баса көрсетіп, адамның «хикметі» осы болмақ деді. Ал қазіргі ХХІ ғасырдың бірінші ширегінде әлемдегі алпауыт отаршыл елдердің саяси сана шайқасы ең шарықтау шегіне жақындап келе жатқан заманда әл-Фараби шығармаларын оқулық етіп, барлық мектеп пен жоғары оқу орындарында оқытылуы ауадай қажет. Өйткені әл-Фарабидің саяси философиясын өз керегімізге жаратып, ұлттық саяси философиямыздың жаңа бағдарын жасау әбден жарамды туындылар болмақ. Бұл жайында қазақ тарихының үлкен саяси сынағына айналған Алаш дәуірінен мол тәжірибелік тәлім ала аламыз. Өйткені Алаш қайраткерлері қазақ ұлттық саяси философиясын жетілдіру үшін ең ұтымды құрал әдебиет пен журналистика салаларын дұрыс пайдаланды. Сол себептен алаш дәуірі 1904-1919 қазақтың саяси әдебиетінің жетіліп, қалыптасуына негіз қалады. Оның басты себебі саяси философия өзінің даму процесін әл-Фарабиден Ибн Сина, Қожа Нәсир Туси, Жалал Дауани, Әлішер Науаидан Абай Құнанбайұлына жалғасып, Алаш ойшылдарына жетті. Бүгінгі таңда қазақ халқы ұлттық саяси философиясының жетіліп, қалыпты жағдайға келуін билік болып, халық болып ойлану керек. Әйтпесе ислам деген желеумен мұсылмандардың адасу процесі әрі қарай жалғаса берсе, қазақ халқы да мұсылман ел ретінде логикасыз ой өрістің кесірінен алауыздық орнына түсіп дін атауының құрбанына айналуы мүмкін. Өйткені әл-Фарабише ойлансақ теориялық ақыл-жемісін практикалық ақыл арқылы көрсете алмаса оның құны көк тиын. Әл-Фараби «Ғылымдардың сандық көрсеткіші (статика)», – еңбегінде логика ғылымының мағынасы мен пайдасы жөнінде түсіндіргенде адамның табиғатындағы ақылға сәйкес келетін табиғи логикалық түсініктер бар дейді. Мәселен «Тұтас нәрсе, өзінің бөлшегінен кішілеу», «Көк түс, ақ түстен өзгешелеу», «Төрт саны жұп келеді» сынды анық нәрселерді айта аламыз. Ал кейбірі ойды қателіктерге ұрындыруы мүмкін, сол үшін оны дәлелдеп айқындау керек болады. Сондықтан ол жағдайда өзіндік ережелер мен заңдылықтарды қажет етеді. Сонда сол арқылы ойды түрлі қателіктерден сақтандырады.

Осыған орай логика заңдарын тілдегі грамматика ғылымына теңеуге болады. Өйткені тілдің грамматикасы болмаса, ойдың күрделі болмысын ала-құла, негізсіз, ережесіз сөздермен өзгеге ұсына алмаймыз. Ал логикамен терең біліп, оның болмысын тани алмасақ бір-біріне қайшы түрлі ойларға қарсы ешқандай саралау таразымыз болмағандықтан сергелдең күй кешіп, бір шешімге келе алмай әуре боламыз. Сол үшін де қоғамда ой қабілетін теориядан практикаға ауыстыра алатын ақылгөй даналарды қазақ қоғамы қашанда қажет етті. Сонымен бірге логикамен таныстығы жоқ адаммен бір тақырып бойынша әңгіме құрып, талқыға салып, қорытынды шығару өте қиын болады. Қазақ мақалында: «Ақымаққа айла жоқ, айтқанменен пайда жоқ», – демек. Сондықтан әл-Фарабидің логикаға мән бергені жайдан жай емес, сол үшін оқу орындарында «логика» пәні басты оқу құралы болып енгені жөн екенін тағы да естен шығармау керектігін айтқымыз келеді. Әл-Фараби логикаға үш түрлі ұғым жүктейді. Олар: 1. Сөз логикасы. 2. Зейін немесе нәпсі логикасы. 3. Сана логикасы. Адам тілге тиек еткен сөзінен оның ойының анық түрі мен анық емес түрін байқап сараптай алуға мүмкіндік туады. Сондықтан сөздің өз жүйесі бар. Қазақ: «Сөз жүйесін тапса, мал иесін табады», – деген сөз логикасы анықтамасына. Ал зейін логикасы адамның нәпсісіндегі ой-қиялдың тұтас болмысы. Сондықтан онда жақсы да жаман да аралас, бір-бірімен бәсекелескен күйде талас-тартыспен уақыт өткізіп жатады. Сондағы тартыста жеңіс сұрқия нәпсі жағына өтсе, әрине ақыл логикасы жамандықты жүзеге асыруға әрекет жасайды. Сондықтан көбінесе ақылдың жұмыс жүйесін адамның нәпсілік сұранысы бекітіп отырады. Адам нәпсісі игілікке ауысса, ақылдың логикалық қуаты соған жұмсалады. Абай:

«Жүреkte қайрат болмаса,
Ұйықтаған ойды кім түртпек?
Ақылға сәуле қонбаса,
Айуанша жүріп күнелтпек». (Абай. 2-том, 22)

Мұнда ақын жүректің қайраты, яғни адам пиғылын нәпсісінің сұрқия сұранысы бұзған жағдайда сәулесіз қалған ақыл адасып кететінін айтады. Абай шығармасы да жүрек, ақыл, логика және соларға құрал бола алатын білім мен өнерге негізделіп жазылғаны байқалады. Өйткені оның жазғандарында нақты логика айтылмаса да оқырманын дұрыс ойлауға үндеп, жетелеп отырады. Мысалы ойдың өлшемі, та-

разысы жоқ жағдайдың сипатын Абай: «Біздің қазақтың достығы, дұшпандығы, мақтаны, мықтылығы, мал іздеуі, өнер іздеуі, жұрт тануы ешбір халыққа ұқсамайды. Бірімізді біріміз аңдып, жаулап, ұрлап, кірпік қақтырмай отырамыз. Өстіп, жер жүзіндегі жұрттың қоры болып, бірімізді біріміз аңдып өтеміз бе?» – деп жазады. (Абай, 2-том, 109). Бұл орайда жүйесі, жүгенсіз өрісте жүрген ойды әл-Фараби айтқандай логика жоқ жерде адамның ойы әуре-сарсаңға түседі дегенін растай тұра, Абай шығармаларындағы ой-толғамының Фарабидің дүниетанымымен сәйкестігін де көрсетеді. Тек екеуінің айырмасы Абай өз ортасында қазағының логика мен логикасыз өмірінің шынайы бейнесін көріп, соған күйініп, оның ой өрісінің шек пен шетіне қойылатын логикалық сызығын көргісі келіп ғұмыр кешкенін айтуға болады. Сондықтан ақын ой мен дұрыс ойлану үшін өзінің «Абай этикасын» жазып, мұра етіп қалдырды. Және де жүгенсіз ойларды қалай жүгендеу керектігін де өзінің этикалық мектебінде айтып, жырлады. Демек, Абайтану ғылымында оның шығармасын ой, ой өлшем және оған жету тәсілдерін нақтылап «Абай этикасы» дейтін оқу құралына топтастырып, анықтама берген жөн болмақ. Осы тұрғыдан алғанда ұлы ақынның мына өлең жолдары ойға оралады:

Жігіттер, ойын арзан, күлкі қымбат,
Екі түрлі нәрсе ғой сыр мен сымбат.
Арзан, жалған күлмейтін, шын күлерлік
Ер табылса жарайды, қылса сұхбат.

Керек іс бозбалаға – талаптылық,
Әр түрлі өнер, мінез, жақсы қылық.
Кейбір жігіт жүреді мақтан күйлеп,
Сыртқа пысық келеді, сөзге сынық.

Кемді күн қызық дәурен тату өткіз,
Жетпесе, біріндікің бірін жеткіз!
Күншілдіксіз тату бол шын көңілмен,
Қиянатшыл болмақты естен кеткіз!

Бір жерде бірге жүрсен басың қосып,
Біріннің бірін сөйле сөзің тосып.
Біріңді бірің ізет, құрмет етіс,
Тұрғандай бейне қорқып, жаның шошып.

Қазақтың қайсысының бар санасы?
Қылт етерде дап-дайын бір жаласы.
Пысықтықтың белгісі – арыз беру,
Жоқ тұрса бес бересі, алты аласы». (Абай. 1-том, 54-57)

Бұл өлең жолдарында ол біріншіден: адам ойының логикасына тиісті ядросын тізіп берген. Мәселен бастапқы шумақтағы «арзан және

қымбат күлкі» ой логикасына берген ядросы болмақ. Тағы бір мысал соңғы шуақта сана бір негізге сүйене отырып ойланбаса, адам жалақор, арызқой надан адамның кейіпін кешеді. Өйткені онда логикалық ядро мүлдем жоқ. Бұл өлеңнің екінші мәні: педагогика-психологиялық ғылыми-тәжірибелік негіздерге сүйене жырланғандығында. Әрі бұдан отбасылық, жастық, ер мен әйелге тән психологиялық таным мен пайымдарды байқаймыз. Аталған өлеңнің толық нұсқасын оқып шыққаныңызда Абай ойлану мен дұрыс ойлануға қаншама ядроның бар екенін тізбелеп анықтап бергенін аңғарасыз. Оның қаншалықты құнды екеніне көзжеткізу үшін биік парасат-пайым өрісі керек болады. Жетесіз адам Абайдың гүлзарындағы қош иісті сезе алмайды. Оның өлеңдерін зерделеп оқуға құлқы да болмайды.

Әл-Фараби өзінің мектебін исламдық қағидалар негізінде қалыптастырды. Құранда: «Күллі аспан әлемінде және жерде не нәрселер бар екеніне һәм не болып, не қойып жатқанына ақыл көзбен қараңдар», – деп айт деген Алла елшісіне». «Жүніс-101». Себебі, «ақыл» адамға оны өзге тіршілік иелерінен ерекшелендіретін тәңірінің берген өзгеше сыйы. «Ақыл» дүниені тану құралы. Айтқандай-ақ, Құранда: «Егер жәрдемге шақырғандарың сендерге қол ұшын бере алмаса, біліп қойыңдар, Құран тек қана Алланың шексіз ілімімен түсірілді және одан басқа құдай жоқ. Ендеше, мұсылман болсаңдар Алланың үкімін мойындандар», – делінген. («Һуд-14»). Олай болса, исламтану Алланың үкімі мен Алла берген сана арасында таразыға түсіп илаһи танымға ие болмақ.

Әл-Фараби Аллаға сенуге үндейді. Сондықтан да ол «ислам философиясының» негізін қалады. Демек, мұсылман үшін Алланың бар екенін, оның құраны мен елшісін мойындау Алланың үкімін қабылдау болып, ақылдың ойлануына бастау болады. Сол себептен Абайда: «Алланың өзі де рас, сөзі де рас, Рас сөз ешуақытта жалған болмас», – деп (Абай. 2-том, 56) Алланың үкіміне иланған соң өмір мен илаһи тағдырын жүректің қалауы мен ақылдың таразысына салып өлшеуге ұмтылған.

Әл-Фараби Аллаға сенгендіктен де Алланы ақыл таразысының арқасында біліп, танып, оны ғылыми негізде де саналы түрде қабылдауға бола алатынын айтқан. Табиғат жаратылысының әр бөлшегі бір себепке тәуелді. Ал осылай бір себептен бір себепке ұласқан сайын жаңа болмысқа ұласа береді. Оның соңында себептердің себебі бірінші себеп, барлық се-

бептердің жаратушысымен қауышады. Ол жаратушы тәңірі барлық жаратылысты жаратқан иесі болып табылады.

Әл-Фараби ойлауда, баяндауда, дәлелдеуде логикаға сүйенген философ. Оның шығармаларында Аристотель зерттеулерін негізге алып, логикаға көбірек ден қойған. Әрі араб ғалымдарына логика ілімін жақсы таныстыра алған. Ол теориялық салыстыру негіздерін қарапайым тілмен түсіндірген. Талдау түрлерін беске жеткізген. Талдау дәйекті болып, шындыққа жетелей алса, оны «дәйекті», ал жартылай шындыққа жанасатындай болса «таласты» деп атаған. Егерде ол бір адамды қиялға жетелесе, оны «поэзия» деп таныған.

Әл-Фараби философиясы өзінше тұтас бір мектеп саналады. Оның жолын қуушы философтардың мақсаты ақиқат, яғни шындықты іздеу болған. Барлығы бірігуді көкसेген. Мәселен Платон мен Аристотельдің әрқайсысы өзінің философия мектептерін қалыптастырған және бір-бірінен айырмасы бар сияқты болып көрінгенімен ақиқатты іздеуде бір-бірімен үндесіп жатыр. Осы тұрғыдан алғанда әл-Фарабиді «Философияның үйлесімді негіздерін» қалаған тұңғыш философ деп атаған абзал.

Әл-Фараби философиясы Аристотель хикметі мен Платон философиясының жаңа мектебі (neoplatonism) түріндегі ислами мазмұн мен формаға айналған түрі. Фарабитанушы ғалымдардың пайымдауынша ол: логика, жаратылыста – Аристотельден, этика, саясатта – Платон, метафизикада – Плотиннің (204-207) көзқарас-танымынан нәр алған.

Ескендір патша (б.з.б. 323-356) Мысырды жаулап алғаннан кейін сонда жиырмаға жуық қала салдырған болса, оның өз атын алған, ең атақты қалаға айналғаны Мысырда болды. Осыған байланысты гректің философиялық мектебі Афинадан – Мысырдың Ескендір қаласына ауысқан. Сонда III ғасыр аясында өмір сүрген Плотин Платон философиясын тың талдаулар, пайымдармен дамытып, жаңа философиялық мектептің негізін қалады. Ол философияда үш негіз бар деп айтқан. Олар: «1. Жалқы, серігі жоқ, жаратылыстың жаратушысы. 2. Ақыл, сана, ойлану қуаты. 3. Рух». Осы үш негіз ислам философиясының метафизикалық іргесін қалауға қайнар болған деседі. Өйткені Плотин: «Философиялық ойлап-зерделуінің негізгі мақсаты сопылар сияқты болмыстың жалғыз бұлағы, яғни тәңірге қауышу болып табылады». Сондай-ақ: «Философияны адам жаратты, сондықтан әу-бастан философиялық ойдың

соңғы талдауы да адамның болмысына орай оның дүниеуи сұранысы болғанына таң қалмау керек», – деген. Фараби ислам философиясында пайғамбарды белсенді ақыл иесі атап, ол өзінің нұрының сәулесімен адамдарды тура жолға жетелейді деп таныған. Сондай-ақ, философия бір ұғым ретінде бір мақсатқа жетелейтінін өзінің «Қайырлы қаланың тұрғындары» кітабында айтқан.

Маңыздысы әл-Фараби исламның саяси философиясының негізін қалаушы ретінде өзінің ислами философиясында адамның шағын қоғам, яғни отбасы және үлкен қоғам қала мен елдің бақытты болуын арман еткен. Ол арман-мұратын өзінің ойларын «Негізгі ой түйіндері» деген еңбегінде түйіндеген. Онда: «Осы трактаттың әңгімелері тарихтан өткен ойшылдардың мемлекетті басқару негіздері, отбасының дәстүрлі жүйесі, мінез-құлық білімінің дәйектері және қоғам-қалада жүйелі түрде лайықты істердің жүзеге асырылып, гүлденуін қамтуды, адамдардың жақсы мінезді болулары, қала тұрғындарын бақытқа бет алуларына даңғыл жол ашылуын көздейді», – деген жолдар бар. «Теологиялық энциклопедия Уикипедия – парсыша» және «Фараби, Уикипедия – парсыша, Данешнама азат»

Әл-Фарабидің «Негізгі ой түйіндері» атты трактатындағы ой белестері

«Осы трактаттың әңгімелері тарихтан өткен ойшылдардың мемлекетті басқару негіздері, отбасының дәстүрлі жүйесі, мінез-құлық білімінің дәйектері және қоғам-қалада жүйелі түрде лайықты істердің жүзеге асырылып, гүлденуін қамтуды, адамдардың жақсы мінезді болулары, қала тұрғындарын бақытқа бет алуларына даңғыл жол ашылуын көздейді». (Әл-Фараби, «Негізгі ой түйіндері» трактаты, б) Ғұламаның «Негізгі ой түйіндері» трактаттары саяси философия мазмұнында жазылған. Оның құндылығы мен маңыздығы, қазіргі заманда сәйкестігі шүбәсіз сезіледі. Сол үшін адам табиғатымен ұштасып келе жатқан адамның сыртқы және ішкі қуаттары оның бақытты болуы үшін керек екенін ескермейді.

Әл-Фараби бір кездері білім алудың нақты ұтымды тәсілін айқындап берген Аристотель еңбектерін ондаған рет қайталап оқып, бойына сіңіргенін айтқан. Сондықтан да адам баласы әуелі ақылдың теориялық бөлімінде оны жүрекпен сезіп, ақылмен қабылдау үрдісінен өтуі керек. Ал оның шынайы тиімділігіне көз жеткізу үшін практикалық кезеңіне кірісумен анықтай алады. Мұндай ойлау қашанда логика

ғылымының дәйегіне сүйеніп барып жүзеге асады. Мәселен: адам, жануар, ақыл сынды үш сөз логикалық жүйеге ене қойса, жалқы ұғымнан жалпы ойға ауысып, ойдан ойға ұласа береді. Адам ақылды, адам жануар. Ендеше, кейбір жануарлар ақылды, кейбір жануарлар ақылды емес. Сыни реттелген ұғымдар ойдан ой тудыра алады. Фарабидің біз сөз етіп отырған трактаттары оқырманды бақытты қоғам құру үшін бір ойдан ендігі бір ойға жетелеп отырады. Сондай-ақ, адамға тәңірінің берген жан мен санасын адам бақытына жұмсамай қойсақ, оның ешқандай құны болмайтынын айтады. Оның мұнда айттып отырған практикасы көбіне Батыс елдерде қолданыста өмірлік жүйесін тауып, табиғат ғылымының үлкен жетістіктеріне қол жеткізді. Ал көптеген мұсылман елдері күні бүгінге дейін әл-Фарабидің ғылыми-философиялық еңбектерін оқып ұғынбаған сияқты. Өйткені бүгінгі ислам дүниесінде теориялық ақылдың да практикалық ақылдың көрінісі байқалмайды. Тек әурешілікпен жүрген тәрізді. Бағалай білгенге әл-Фараби ислам әлемі үшін бақытты елдің сын-сипатын айқын дәлелдермен, тіпті теорияның практикалық кезеңіне өту өткелдеріне дейін көрсеткен. Фарабидің танымы бойынша жалпы түсініктің бұлағы теориялық ақыл. Бұл түсінік екі түрде көрініс табады. 1. Практикаға қатысы бар түсінік мәселен: әділеттік жақсы нәрсе, сұркиялық жаман нәрсе деген қорытынды практикалық хикмет саналса; 2. Практикаға қатысы жоқ түсінік, мәселен материалдық емес жаратылысты жаратқан жаратушы және оның сипаттары, ақыл мен нәпсіні материалдық түсінігіне бөлек танып, білулері осы түріне жатады. Сондықтан да философияны болмыстардың түріне қарап хикметті екіге бөледі. 1. Адамның қалауы бойынша жасалған болмыстар. 2. Адамның пайда болуында ықпалы жоқ болмыстар. Адамның қалауынша бар болатын болмыстар қолайлығы тұрғысынан алған практикалық хикметке жатады. Оның үш түрі бар: 1. Этика ғылымы. 2. Мемлекеттік саясат. 3. Отбасы саясаты мен жүйесі. Практикалық хикметті қалай бөлу керектігі тұрғысынан үш бөлімге бөлуге болады. Олар: 1. Адам бір іс-қимылдың пайда болуына өзгенің қатысуына қажетсінебей оны талдап, тиісті үкім шығара алатын болса «Этика ғылымы» делінеді. 2. Ал адам бір шараға өзгелердің қатысып, көмектесуін қажетсінген жағдайда «Отбасылық саясаты ғылымы» немесе «Отбасылық хикмет» деп аталады. 3. Адам бір іс-әрекеттің пайда болуына бүкіл ел азаматтарының қатысуын қажет етсе «Мемлекеттік саясат» неме-

се «Мемлекеттік хикмет» ғылымы болып табылады. (Әл-Фараби, «Негізгі ой түйіндері» трактатына негізделген тұжырымдар).

Теориялық хикмет те төрт бөлімнен тұрады: 1. Логика. 2. Табиғат. 3. Математика. 4. Дінтану. Бұл бөлімдердің пайда болу себептерінің бірі – олардың болмыс-бітімі жайында ешқандай түсінігіміз болмаған соң, олар жайлы білгіміз келді. Сондай-ақ өзге ғылымға қол жеткізу үшін қажет саналатын ғылымдар деп таныдық. Бірінші бөлім: логика ғылымының заңдылықтарын үйрену өзге ғылымдарды үйренуге бастапқы баспалдақ болмақ. Екінші бөлімде: болмыстардың жай-күйін білу, өздерінің болмысын тану үшін керек болды. Бұлар үш түрге бөленеді: 1. Біз олар туралы білгіміз келген болмыстар. Олар біздің зейін мен одан тыс жерде материяға қажеттілік бар десе, оны «Табиғи хикмет» дейміз. 2. Адамның зейіні мен одан тыс жерде материяға мұқаждық сезбесе, ол «Илаһи хикмет» болмақ. 3. Бұл ғылымға тек зейіннен тыс жерде материяға қажеттілік болса «Математика хикметі» деп аталады. (Сейіт Жафар Сәжжади, Ислаи ілімінің түсіндірме сөздігі, 1373, II-томы, 1434-1435)

Қорытынды және тұжырымдама

Қорыта айтқанда, әл-Фараби ислам шариғаттарын қабылдай отырып, тәңірі мен діни

қағидаттарды ақылдың қуаты арқылы біліп, тануға болатынын, дін мен философия арасында көпір тұрғызып, ақылдың теориялық қуатын практикалық ақылға ұластыру керектігін айтты. Және де адам болмысындағы түрлі күш-қуаттарды, әлеуетті ақылға бағындырып, ең бастысы адамға сана берген тәңірді тану арқылы оларды бақытқа жету жолына жұмсау қажеттігін көрсетіп берді. Сондай-ақ, адамзаттың бақытты болуы үшін ойдың жүйелі болуына жете мән береді. Осыған қарап әл-Фараби мектебін «логикалық философия» деп атаймыз. Оның логика ғылымына ерекше мән беруі өзі ұстаз тұтқан Аристотельдің ықпалы деуге болады.

Әл-Фараби Аристотель еңбектерін жылдар бойына қаншама рет оқып, бойына сіңіре отырып, араб ғалымдарының да одан пайдалана алуына және Батыстың гректің ежелгі философиялық мектептеріне көңіл бөлуін қамтамасыз еткен үшін де «екіншісі ұстаз» атануына лайық болғанын дәйектеп жаздық. Сондай-ақ біздің ойымыз көптеген фарабитанушы ғалымдар айтқандай әл-Фарабидің «Негізгі ой түйіндері» аталатын трактаттары кейінгі «Арман қала» немесе «Қайырымды қала» шығармасына негіз қалаған деген тоқтамға келдік. Сөйтіп, әл-Фарабидің «Негізгі ой түйіндері» атты трактаттарының қазақ тіліндегі жана аудармасын ұсынуды жөн көрдік.

Әдебиеттер

- Абай Құнанбайұлы. Шығармаларының екі томдық толық жинағы. 1-том: өлеңдер мен аудармалар. – Алматы: Жазушы, 2004. – 296 б.
- Абай Құнанбайұлы. Шығармаларының екі томдық толық жинағы. 2-том: өлеңдер мен аудармалар. – Алматы: Жазушы, 2004. – 336 б.
- Абай энциклопедиясы. – Алматы: «Қазақ энциклопедиясы» Бас редакциясы, «Атамұра» баспасы, 1995. – 720 б.
- Амин Аһмад Рази. Жеті климат антологиясы, түзету, қосымшалар және ескертулер: Сейіт Мұхаммед Реза Таһери. III том. – Тегеран, 1999. – 1647-1648-1649 б.
- Асан Малекшаһи аудармасы, Әбу Насыр әл-Фараби, Негізгі ой түйіндері. – Тегеран: Соруш радио және теледидар баспасы, 2003.
- Әл-Фараби Уикипедия – қазақша.
- Доктор Мұхаммед Хансари. Формальды логика. I және II томдар, – Тегеран: Агаһ баспасы, Төртінші басылым, – 1982. – 242 б.
- Иашар Айдынлы аудармасы, Фараби, Erdemli şehir halkının Görüşlerinin ilkeleği «Қайырымды қала», – Станбұл: – 2018 -308 б.
- Ислам Жеменей аудармасы, Шейх Аһмет Құдайдад Тарази Көркем сөз өнері, – Алматы: Таңбалы, – 2017 – 440 б.
- Ислам Жеменей, Мырза Хайдар Дулат (1499-1551) тарихшы, қаламгер (монография), – Алматы: Зерде, – 2007 -360 б.
- Мекемтас Мырзахметұлы, Абай және шығыс, – Алматы: Қазақстан, – 1994 – 208 б.
- Мұхаммед Реза Нәжми, Мұсылмандар ілімі, – Тегеран: Ислами мәдениет баспасы, VI-басылым, 1368 -4126.
- Мұхтар Әуезов энциклопедиясы, – Алматы: Атамұра, – 2011 -688 б.
- Сейіт Жафар Сәжжади, Ислаи ілімінің түсіндірме сөздігі, күшеш баспасы, II-томдық, үшінші басылым, – Тегеран: 1373.
- Теологиялық энциклопедия Уикипедия – парсыша
- Шәкәрім энциклопедия, – Семей: 2008 -864 б.

References

- Abai ensiklopedia. (1995) [Kazakh encyclopedia]. Almaty: «Qazaq ensiklopediasy» Bas redaksiyası, «Atamura» baspasy, 1995.P.720.
- Ál-Farabı Ýikipedia – qazaqsha.
- Amin Ahmad Razi. (1999) Jetti klimat antologiasy, túzetý, qosymshalar jáne eskertýler: Serit Muhammed Reza Taheri.[Seven climate anthology, amendment, appendices and notes: Seyed Mohammad Reza Taheri]. Tegeran, III tom, 1999.P.1647-1648-1649.
- Asan Malekshahı áydarmasy. (2003) Ábý Nasyr ál-Farabı, Negizgi oı túinderi. [Abu Nasir al-Farabi, the main nodes of thought]. Tegeran, Sorýsh radio jáne teledidar baspasy, 2003.
- Doktor Mohammad Hansarı. (1982) Formaldy Logıka. [Formal logic]. I jáne II tomdar. Tegeran: Agah baspasy, Tórtinshi basylym, 1982. P.242.
- Iashar Aıdynly áydarmasy. (2018) Farabı, Erdemli şehir halkının Görüşlerinin ilkeleri «Qaiyrymly qala». [Farabi, principles of the views of the virtuous city people “Qaiyrymly qala”]. Istanbul, 2018.P.308.
- Islam Jemeneı áydarmasy. (2017) Sheih Ahmet Qudaıdad Tarazı Kórkem sóz óneri. [Sheikh Ahmet Kudaidad Tarazi, Art of the artistic word]. Almaty: Tańbaly, 2017.P.440.
- Islam Jemeneı. (2007) Myrza Haıdar Dýlat (1499-1551) tarihsy, qalamger (monografia). [Mr. Khaidar Dulati (1499-1551), a historian, a writer (monograph)]. Almaty: Zerde, 2007.P.360.
- Mekemtas Myrzahmetuly. (1994) Abai jáne shyğys. [Abay and the East]. Almaty: Qazaqstan, 1994.P.208.
- Muhammed Reza Hákımi. (1368) Musylmandar ilimi. [Muslim teaching]. Tegeran, Islami mádeniet baspasy, VI-basylym, 1368.P.412.
- Muhtar Áýezov ensiklopediasy. (2011) [Mukhtar Shiezov encyclopedia]. Almaty: Atamura, 2011.P.688.
- Qunanbayev A. (2004) Abai Qunanbauly shyğarmalarynyń eki tomdyq tolyq jınaғы. [Complete works of Abay Kunanbayev in two volumes]. Almaty: Jazushy,-t.1: óleńder men áydarmalar, 2004. P.296.
- Qunanbayev A. (2004) Abai Qunanbauly shyğarmalarynyń eki tomdyq tolyq jınaғы. [Complete works of Abay Kunanbayev in two volumes]. Almaty: t.2: óleńder men áydarmalar, 2004. P.336.
- Serit Jafar Sájjadı. (1373) Islai iliminiń túsindirme sózdigi. [Explanatory word of Islamic science]. Tehran, kúshesh baspasy, II-tomdyq, úshinshi basylym, 1373.
- Shákárim ensiklopedia. (2008) [Shakarim Encyclopedia]. Semeı, 2008.P.864.
- Teologialyq ensiklopedia [Theological encyclopedia]. Ýikipedia – parsysya.